

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 17 маусымдағы N 796 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 31 қазан N 1157

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Ақмола облысы орталығының қоныс аударуына байланысты босайтын ғимараттар мен қызметтік үй-жайларды бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 17 маусымдағы N 796 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

реттік нөмірі 26-жолдың 4-бағанындағы "Әскери прокуратура" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитет" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі